

**«Элит Строй Проект» ЖШС  
Басшысы Н. Балабатыровқа**

*Мәлімет үшін:*

**Қазақстан республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі  
Табиғи монополияларды реттеу және  
бәсекелестікті қорғау комитеті  
Алматы облыстық департаментінің басшысы  
Т.Ш. Галиновқа**

**«Менеджмент ЖМҚ» ЖШС  
Алматы өкілдігінің директоры  
Е.Н. Ивановқа**

**«Алатаукомсервис» ЖШС  
Бірінші басшысы  
К.Р. Сальменовке**

**«Алатау» АҚ  
Бірінші басшысы  
Б.Д. Такеновке**

**«Мобилхауз Менеджмент» ЖШС  
Директоры Е.Н. Воробьевке**

### **Құрметті Басшылар!**

Біз, «Асыл Арман» Тұрғын үй кешенінің (әрі қарай - ТК) тұрғындары – «Қолжетімді баспана-2020» мемлекеттік бағдарламасының қатысушылары, Сізге өзіміздің құрметімізді білдіре отырып, ТК территориясында орналасқан салушы кассасында 2015 жылдың сәуірінен берілген ыстық сумен жабдықтау төлем шоттарының дұрыс есептелмегендігі туралы мәселе көтергіміз келеді.

ҚР ҰЭМ ТМР және БҚК Алматы облыстық департаментінің басшысының №45 – ОД Бұйрығына сәйкес, «Алатаукомсервис» ЖШС үшін 2015 жылдың 1 наурызынан іске қосуға ыстық су және жылумен жабдықтау қызметтеріне тариф бекітілген болатын.

Сәйкесінше, «Алатаукомсервис» ЖШС ыстық сумен жабдықтау қызметіне «АЛСЕКО» АҚ есепшот түбіртектерінде ОПУ ГВС (жылыту мезгілі аяқталғаннан бастап) көрсеткіші арқылы 22 сәуір айынан 1 м<sup>3</sup> –ке 274 тенге көлемінде есеп жүргізді.

Дегенмен, «Элит Строй Проект» ЖШС осы мезгіл аралығына «Элит Строй Проект» ЖШС-нің төлем түбіртектері арқылы осы су көлеміне әрі қарай қайнатуға кететін қайнамаған су көлемі шығынын өтеуге 99 тенге тарифымен төлеу туралы талап шығарды. Алайда, бастапқы суық су мен қайнатуға кететін су шығындары ыстық сумен жабдықтау қызметтерінің тарифіне енгізілген және бізге «Алатаукомсервис» ЖШС компаниясынан ұсынылған болатын.

Осыған байланысты, Сізден көрсетілген мерзімдегі ыстық сумен жабдықтауға артық төленген сомманы қайта есептеуді және қайтаруды сұраймыз. Сомманы өтеудің екі нұсқасын ұсынамыз:

1. Сіздің ұйым жеткізуші компания «Алатаукомсервис» ЖШС-не ыстық сумен жабдықтауға артық төленген соманы қайтарады және ТК тұрғындары келесі есеп айында қайта есептелінген төлем сомасын алады.

2. «Элит Строй Проект» ЖШС ТК территориясындағы №7 үйде орналасқан касса арқылы «Элит Дом Сервис» ЖШС эксплуатациялық қызметке артық төленген соманы қайтарғаны секілді әрбір тұрғынға жеке қол қойдырту әдісімен қайтарады.

Ыстық сумен жабдықтауға төлем (түбіртек) берілген кезде артық төлемнің болуы және осы мәселе бойынша артық төленген соманы қайтаруға әрекеттің болмауы ТК тұрғындарының жеткізуші компанияның қызмет көрсету сапасына наразылығын тудырады.

Сіздің тарапыңыздан әрекетсіздік болған жағдайда, ТК-де ыстық сумен жабдықтауды тұтыну қызметіне төлеуден жаппай бас тартуға әкеліп соғуы мүмкін. Өйткені, тұрғындар төлем тарифтері бойынша есептелінген сома сұлбасынан айқындықты көрмей отыр.

Біздің болашақтағы нәтижелі қарым-қатынасымыз үшін, артық төленген соманы қайтару мәселесі бойынша шара қолдауыңызды өтіне сұраймыз.

**Құрметпен және жоғарыда көрсетілген мәселенің жақын арада шешіледі деген үмітпен «Қолжетімді баспана-2020» мемлекеттік бағдарламасының қатысушылары – Қарасай ауданы, Іргелі ауылдық округі, «Асыл Арман» Тұрғын үй кешенінің тұрғындары.**

Қол \_\_\_\_\_ бетте.